

ӘОЖ 930

ЕРТІС ӨҢІРІНДЕГІ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС ТАРИХЫ

Манат Р.

m.m.roza@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Тарих факультетінің 4- курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- т.ғ.к., доцент К.К. Батталов

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс Орта Азия мен Қазақстанның кең аумағындағы революциялық дағдарыстың жарқын көрінісі болып табылады. Бірінші орыс революциясынан кейін империя ішінде реакция кезеңі басталып, демонстрация, митингілер мен жиналыстарға тыйым салынды. Елдің жалпы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларына байланысты қазақ халқы арасындағы жағдай күрт нашарлады. Әсіресе, осы уақытта Столыпин реформасы бойынша Жетісу облысының оңтүстігінде, Сырдария облысының солтүстік-шығыс бөлігінде және Қазақстанның басқа аудандарында жерді басып алу жағдайы көбейді. Сонымен қатар XX ғасырдың бас кезінде Семей облысында әскери шендегілерге жерлерді бөліп беру жағдайы кең тарады. Мәселен, Сібір казак әскерлерінің 493 офицері облыстағы 500 мың десятина жерді иемденді. Бұл жерлерде жаңа қоныс аударушылардың, патшалық шенеуніктер мен генералдардың ауылдары құрылып, қырғыз манаптары мен казак феодалдарының иеліктері кеңейтілді. Ал 1914-1918 жылдары созылған әлемдік империалистік соғыс Орта Азия мен Қазақстан халықтарының одан әрі үлкен отаршылдық езгіге түсуіне алып келді.

1914 жылдың жазында басталған бірінші әлемдік соғыс патшлық Ресейдің экономикалық және техникалық қатынаста артта қалғанын бірден көрсетті. Орыс армиясының жекелеген жеңістері майдандағы жалпы жағдайды түзете алмады. Соғыс жылдары Қазақстан экономикасы ауыр зардап шекті. Салық 3-4 есеге, жекелеген жағдайларда 15 есеге өсті. Егіс алқаптарын қысқарту нәтижесі ретінде ауыл шаруашылығы өндірісі апатты түрде құлдырады. 1916 жылдың ортасына қарай патша үкіметінің қазақ халқынан тартып алынған жердің жалпы ауданы 45 миллион десятинаға жетті. Арнайы әскери салық енгізілді. Қазақтар майданға ет, нан, мал және киіз үйлерді тегін жеткізуі тиіс еді. Қазақтардың, сондай-ақ қоныс аударушылардың өңделетін жерлері қысқарып, нәтижесінде нанның бағасы күрт өсті. 1915 жылдың аяғында қазақтардың наразылығы өсе бастады. Көптеген болыстар салық төлеуден бас тартты. 1915-1916 жж. Ресей өзінің батыс иеліктерінің едәуір бөлігін жоғалтты. Майдандағы сәтсіздіктер жаңа ресурстарды, адами және материалдық ресурстарды талап етті. Жұмыс күшінің жетіспеуі шаруашылықтың көптеген салаларында дағдарыс тудырды. 1915 жылы қазақтардың соғысқа тікелей қатысуы туралы мәселе тұрды. Қазақ интеллигенциясы «Қазақ» газеті арқылы қазақтарды кавалериялық бөлімдерде жауынгерлік күш ретінде пайдалануды ұсынды. Жауынгерлік іс-қимылдарға қатысу тәуелсіз Қазақстан армиясының құрылуы жағдайында білікті, шыңдалған және оқытылған әскери кадрлар даярлай алды. Бірақ патша үкіметі «сенімсіз» қазақтарды қаруландыра алмады. Оның орнына Ресейдің «бұратана» халқын тыл жұмыстарында пайдалану шешілді. Әрине қазақтарды жалпыға бірдей әскери міндетті өтеуден гөрі, тыл жұмысына алу патша үкіметіне әлдеқайда тиімді болды. Бұл жайлы «Қазақ» газетінде: «Бұрын қазақтың солдат неге алмаған? Қазақтан солдат алынбасын деген закон бар; воинский уставтың 42-інші статьясында жазған: - «Түркістан халқы һәм Ақмола, Семей, Орал, Торғай қазақтары солдаттықтан азат» деп жазылған [1,244].

1916 жылғы 25 маусымдағы «бұратана» халықтарды тыл жұмысына алу жарлығы шықты. Қоныс аудару саясатын жалғастыру, қазақтардың малын, мүлкін әскери қажеттіліктерге тәркілеу 1916 жылдың жазында қуатты көтеріліске әкелді. Қазақ-қырғыз жұмысшыларының майданның тыл жұмыстарына қабылдануы 1916 жылғы көтерілістің негізгі себебі емес, ал тек қана түрткісі болды. Қазақ-қырғыз жұмысшыларын реквизициялау фактісі, ал оларды тиісті дайындықсыз еңбекке жұмылдыруының өзі халықтың көтерілісін туғыза алмады. Көтерілістің негізгі себептері Қазақстан мен Қырғызстанда патша үкіметінің тежеусіз отарлау қанаушылығының нәтижесінде пайда болған терең, экономикалық және саяси сипаттағы қарама-қайшылықтарда болды. Қазақ халқының көтерілісін жеделдетуге әлемдік империалистік соғысқа байланысты Ресейдің сол кездегі жалпы тұрақсыз жағдайы да әсер етті. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс соғыстың үшінші жылында Ресейдің экономикалық және саяси қуатының әлсіреу белгілері пайда болған кезінде басталып, алдағы көтерілістің жақындауын сездіртті. Міржақып Дулатов 1929 жылғы 7 қаңтарда ОГПУ тергеушісіне берген жауабында былай деп мәлімдеді: «1916 жыл келді... 19-43 жасқа дейінгі қазақ халқын тыл жұмыстарына реквизициялау туралы 25 маусымдағы патша жарлығы кенеттен жарияланды. Қазақ халқы толқиды...» [2,642]. Көтерілістің өршуінен қорыққан патша өкіметі 20 шілдеде астық жинауға дейін тыл жұмысына шақыруды кейінге қалдыру туралы, ал 30 Шілдеде - 1916 жылдың 15 қыркүйегіне шегіру туралы жарлығын жариялады.

Патшаның бұратана халықтарды тыл жұмысына алу бұйрығы Ақмола және Семей облыстарына кешеуілдеп, 28-29 маусымда ғана келді. 25 маусым жарлығынан кейін Семей уезінің 7 болысының өкілдері 31 шілдеде жиналыста облыс губернаторына: «Патша жарлығын қуанышпен қабылдап, қазақ халқының бұйрықты орындауға дайын және казак бөлімдерінде әскери міндетін өтеуге рұқсат беру туралы» императорға үндеу хатын жолдайды. Бірақ халық арасында жарлыққа қарсы

шыққандар басымырақ болды. Қазақстанның өзге аймақтарынан қарағанда, Ақмола және Семей облыстарында көтеріліс партизандық сипат алды. Шілде айының басында Қазақстанның барлық аймақтарында көп ұзамай қарулы көтеріліске ұласқан стихиялық көтерілістер басталды. Халық ашуының бірінші соққысын болыстық басқарушылар, ауыл старшиналары және тыл жұмыстарына тізімдерді тікелей құрайтын патша әкімшілігінің өкілдері өзіне алды. Қазақтарда метрикалық куәліктердің болмауын пайдалана отырып, олар кедей адамдарды жасына қарамастан тізімдерге ерікті түрде кіргізіп, ал бай ұлдарын пара үшін әскерге шақырудан босатады. Бұл жайлы А.Ф.Керенский мемлекеттік думада 300 рубль төлей алмаған 60 жастағы шалдың, тізім бойынша 30 жастағыға айналғанын өз көзімен көргенін айтқан болатын [3,247].

Семей облысы Қарқаралы уезінің барлық 24 оңтүстік болыстары Сары-Су өзеніне топтастырылған. Тамыз айының басында Қарқаралы және Ақмола болыстары бөлігінің съезі өтіп, онда реквизицияға бағынбауға шешім қабылданды. Зайсан уезінде өзге ұлт өкілдері даланы, мүлікті, шабындықты тастап қашты. Семей уезінде қырғыздар старшиналардан лауазымдық белгілерді, мөрлерді алып, жұмысшыларды реквизициялау бұйрығына бағынғысы келмегенін білдірді. Семей уезінің көтерілісшілері халықты тыл жұмысына алуына ашық түрде қарулы қарсылық көрсетті. Павлодар уезі Баян-ауыл ауданында 26 қыркүйекте «қырғыздардан ешкім келмеді»; Қарқаралы уезінен: «бүгін шақырудың төртінші күні, ешкім жоқ» деп телеграф таратқан [4,497]. Патша жарлығына наразылық ретінде Павлодардағы қазақтар тұзды тиеу жұмыстарын тоқтатты, бұл Томбы мен Тобыдылды тұзсыз қалдырды, сондай-ақ Баянауыл ауданындағы гидротехникалық жұмыстар тоқтатылды. Мысалы, 1916 жылғы 30 шілдедегі ағылшын акционерлік қоғамының жеделхатында: «біздің Спасск зауытында, Успенск кенішінде және Ақмола уезіндегі Қарағанды кен орындарында, Қарсақпай зауытында және Атбасар уезінде Жезқазған кенішінде барлық қара жұмыстар мен зауыттар мен темір жол арасындағы барлық тасымалдар, бізге қажетті кірпіш, құм, әк, тастар, шөп және т. б. қорларын дайындау қырғыздармен орындалып, соңғы уақытта олардың көбісі қашып кетті» деп хабарланған. Қарқаралы маңында телеграф сымдары үзіліп, бағаналар қирады, почта-телеграф бөлімшелеріне шабуыл жасалды. Көтерілістің негізгі күші-жұмысшы халық, ауыл кедейлері мен ұсақ кәсіпорындардың жұмысшылары болған еді. «Генерал Лаврентьевтің жазалаушы экспедициясының әскери іс-қимыл журналында»: «Көтерілісшілердің үлкен саны қырғыздардың кедей класынан тұрады. Оған жергілікті жұмысшылар, батрақтар, колөнершілер қатысты» делінген [4,168]. Облыстық әкімшіліктер тыл жұмысына алынатын адам санын бекітіп, оның ішінде Семей облысынан 85479 адам реквизициялануы қажет еді [4,567]. 22 қыркүйек күні Зайсаннан уездік бастықтар: «бірде-бір қырғыз реквизицияға келмеді, барлық қырғыздар Қытайға кетті», Зайсан уезінен 6 қарашада 4 адам ғана тыл жұмысына келді. А.Сухомлинов көтерілісшілердің қысымынан патша жарлығы бойынша халықты тыл жұмысына алу шарасын 1916 жылдың 15 қыркүйегіне дейін шегеруге мәжбүр болды.

Көтеріліс патшаның отарлау саясаты мен жазалаушылар өкілдеріне сондай-ақ болыстық басқарушыларға және патшалықтың басқа да қызметкерлеріне қарсы бағытталған. Жергілікті байлар бірнеше рет патша әкімшілігіне өз байлығын қорғау туралы өтініштер жіберді. Павлодар уезінің Алексеевка болысының байы З. Чормановтың уездік басқаруына өтініші мысал бола алады: «Мал шаруашылығында ауқатты бола отырып, - деп жазды ол, атап айтқанда: 3000 жылқы, 1000 қой, 200 бас қара мал және 100 түйе, жылжымалы және жылжымайтын мүлік. Көшпелі халықтың-қырғыздардың көңіл-күйіне байланысты жұмысшылардың бәрі кетіп қалғандықтан мен мүлдем жұмысшыларсыз қалып қойдым. Қазіргі уақытта менің мал-мүлкімді белгісіз қырғыздар ұрлауда. Сізден мүліктер мен малдарымды қорғауға заңды көмек көрсетуіңізді сұраймын». Байдың өтініші назардан тыс қалған жоқ. Байлар тек тыл жұмысына шақырудан босатылып қана қоймай, көптеген артықшылықтарға ие болды. Омбы болысынан тыл жұмысына шақырылған қазақтар әскери министрге жіберген шағымында: «болыс басқарушысы Мәдин Бибатыров пен оның

көмекшісі Ахмет Татинов тыл жұмысына жұмылдыру мәселесін талқылау кезінде қолындағы билікті пайдалана отырып, тыл жұмысынан босату үшін пара алудан ұялмады. Осылайша, ақшасы бар барлық адамдар босатылып, көп жағдайда олардың қатарына көпестер болды» [5,364]. Қыркүйек айының 17-де № 1 және № 4 қазақ ауылдарының басшылары Хасен Таспанов, Әшірбек Шодарбаев, Жақия Жанғожин, Кокы Киреев, Жанәбіл Боқаев, Саснай Досбеков, Жұмабек Айнабековтер, Сәдуақас, Жәми, Кәбіш, Асфендияр және Занды Шормановтардың 4 мыңға жуық жылқыларын айдап алып кетті [4,511]. Тәртіпсіздіктерді басу үшін Дала генерал-губернаторы мынадай шаралар қабылдады: жүздеген казак отрядтары құрылды; Қытай мен Моңғолияға қоныс аударушыларды бақылау туралы телеграф жіберді. Көтерілісшілерді басу үшін жазалаушы казак отрядтары жіберілді. Жазалау отрядының командирі С.М.Воробьевтің Сібір казак әскерлері атаманның көмекшісі П.Ягодкинге 1916 жылғы тамызда Өскемен уезі Тайынты болысындағы көтерілісшілермен болған қрыстар туралы жіберген рапортында былай делінген: «31 июльде жиналған қырғыздар өздерін жұмысқа алу туралы хабарды естіген соң, ереуілге шықты. Құрамында екі-үш мың адамы бар топ аттарына міне салып, айқайлап елу солдатқа қарсы лап қойды, Елуліктің командирі бір взвод казактарды аттарынан түсіріп, көтерілісшілерге қарсы оқ атуға бұйырды. Қырғыздар жеңіліске ұшырап, шашырай қашып, тауға барып тығылды. Олар сойылмен, шоқпар және найзамен қаруланған болатын. Шабуылға шыққандардан қаза болғаны, жараланғаны бар 60-тан аса адам шығын болды». Жергілікті халықтардың қарсылығына қарамастан, мыңдаған қазақ тыл жұмыстарына жіберілді [4,182].

Павлодар уезінде ресми хабарламалар бойынша көтерілісшілер саны 4 мың адамға жетті. 1916 жылғы 7 шілдеден 5 қыркүйекке дейінгі уақыт кезеңінде Ақмола және Семей облыстарындағы көтерілісті басып-жаныштау шаралары туралы генерал-лейтенант барон Таубе жасаған анықтамада мынадай деректер келтірілген: «Қазақтардың едәуір тобыры... Зайсан уезінде әрқайсысында 1000 адамнан асатын бірнеше топ, Семей уезінде -7000 адамдық топ, Өскемен уезінде-кейбіреулердің адам саны- 3 мыңға дейін жететін бірнеше топ шоғырланды...» [2,647]. 1916 жылдың тамыз айында Қарқаралы уезі Ақшатау болысынан- 300 адам, Баянауыл уезі Ақбеттау болысынан-700 адамнан тұратын отрядтар құрылды [6,502]. Қазақтар Қытайдан алынған атыс қаруымен қаруланып, жазалаушы отрядтармен соғысты. Дала генерал-губернаторы Жеңістерінен бой көтерген халық жергілікті патша әкімшілігіне бағынудан бас тартып, өз арасында «хан» сайлай бастады. Семей облысы, Қарқаралы уезінен Асанбек Қайырбек хан сайланды [6,19]. Бұл халықтың патша үкіметінің озбыр саясатына деген бой ұсынбауын тудырты. Қарқаралы мен Өскемен уездерінде молдалар қақтығыстар кезінде орыстар қашып, ал қазақтар жеңіске жететіні туралы қауесетті тарата отырып, орыстарға қарсы қасиетті соғысты уағыздады. Сонымен қатар көтеріліс басшылары губернаторға, ал егер қажет болса патшаға, қазақтардан тартып алынған жерлерді қайтару туралы қолдаухатпен хат жолдағыны туралы ақпарат халық арасында тарады. Көтерілісшілердің өзге тобы патша үкіметі олардың бірінші өтінішін қабылдасамса, Қытай еліне бодандығына қазақ халқын қабылдау туралы өтінішін жөнелтетінін хабарлады.

Павлодар уезінің Қызылтау болысында Ағабай Көкебаевтың басшылығымен Сүйіндік руынан шыққан 80 жігіттің көтерілісі стихиялы түрде өрбиді. Оның ең жақын көмекшілері Қ. Жалмағамбетов, Е. Кәрібаев, Н. Бисмилдин, Ш. Байбурдин болды. Жасақтар Қызыл Тау шатқалына кетіп, онда қару дайындайтын ұста орны ұйымдастырылды. Сол уақытта Ақкелін болысында толқулар басталды. Көп ұзамай, Павлодардан келген жазалаушы отряд халықтың толқуын басты. 21 қыркүйек пен 3 қазан аралығында Алабас шатқалында жазалау отрядымен қатал шайқас өтіп, ірі қақтығыстар Қаражар шатқалында да өтті. 1916 жылдың 23 қыркүйегінде Павлодар уезінің Алабас ауылында, 29 қыркүйекте Агачуй ауылында 4000-5000 мың қазақ

шаруалары 25 маусым патша жарлығына қарсы жергілікті казак әскерлеріне шабуыл жасады. Аккелин болысына Далба және Баянауыл болысынан әскерлер қосылып, олардың айбалта, мылтық, шоқпарлармен қаруланғаны жайлы жасалаушы казак барлаушылары хабарлайды. 27 қыркүйекте көтерілісшілер Алабас ауылынан Арал-Төбеге қоныс аударады. Жол бойында көтерілісшілер жазалаушы отрядтарды нан және қару-жаракпен қамтамасыз еткен орталықтарға шабуыл жасады. 28 қыркүйекте көтерілісшілер Садуақас Шормановтың үйін қоршап алды. Бірақ Павлодар уезінің басшының көмекшісі Владимир Аркадьев бастаған жазалаушы отрядтар қазан айының басында көтерілісшілерді басты.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс бүкіл Қазақстанды, Орта Азияны, Сібір мен Кавказдың бір бөлігін қамтыды. Қазақстан территориясында ұлттық тәуелсіздік идеясы феодалдық қарым-қатынастарды тоқтатуға ұмтылған, даланы дәстүрлі билеуге ұмтылған казак шаруа және жұмысшылардың түрлі топтарын біріктірді. Көтеріліс бүкіл Қазақстанды қамтып, патшалықтың әскери-отаршылдық және кең ауқымды орыстандыру саясатына қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалысқа айналды. Дегенмен, көтерілісшілер санының аздығы мен ұйымшылдықтың жеткіліксіздігінен ұлттық-азаттық қозғалыс жүйесіз түрде өтті. Қазак қоғамында патша жарлығы мен көтеріліске деген көзқарас біртекті болмады. Қазақтардың бір бөлігі оған қарсы шығып, халықты қарулы қарсылыққа шақырса, ал «Қазақ» газетінің айналасында біріктірілген либералды-демократиялық интеллигенция көшбасшылары бірнеше рет патшалық әкімшілікке тыл жұмысына жұмылдыруға асықпауға, дайындық іс-шараларын жүргізуге, сонымен бірге халықты жарлықты орындауға қарсылық көрсетпеуге шақырды. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қазақ халқының көпғасырлық қозғалыстар тарихында ерекше орын алады. Ол туралы Г.Степняк: «Киргизы (казахи –К.Е.) были смяты, много их погибло, но киргизское восстание тем не менее является выдающимся историческим фактом, оставившим в жизни степи глубокий след. Для киргиз это событие незабываемое» деп өз ойын білдірді [7]. Империализм және бірінші дүниежүзілік соғыс жағдайындағы көтерілістің басшылары өз уақытында Сырым Датов, Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісов, Кенесары және Наурызбай Қасымовтар бастаған тәуелсіздік үшін күреске халықты көтерді. Кенесары Қасымовтың басшылығымен ұлт-азаттық қозғалыстан кейінгі алғаш рет 1916 жылғы көтеріліс аймақтың барлық өңірлерін қамтып, отаршылдыққа қарсы сипатта болды [8,165].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Озғанбай Ө.О. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан: (1905-1917 жж.): [оқулыққа қосымша құрал] /,- толықт., 3-ші бас. . - Алматы: Нұрлы Әлем, 2006. -244
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3 том. –Алматы: Атамұра, 2010. -642
3. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Көп томдық. 6 том. – Астана: Астана полиграфия, 2007. -247
4. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане: Сборник документов / отв. ред. А.В. Пясковский. – М.: Изд-во АН СССР, 1960. – Док. № 464 – 567
5. Турсунов Х. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. Т., Госиздат УзССР, 1962.- 364
6. Ермуханов Е.Н. Вопросы истории восстания 1916 г. (1914 - начало 1917 г. на материалах Акмолинской и Семипалатинской областей): автореферат дис. к.и.н.: 07.00.02. - Алматы, 1993. – 19
7. <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=38709>
8. Сулейменов Б.С. Восстание 1916 года в Казахстане (причины, характер, движущие силы) / Б.С. Сулейменов, В.Я. Басин. – Алма-Ата: Наука, 1977. -165 с.